

**«ПЕДИАТРИЯ-1» КАФЕДРАСЫ****«ЖТД-ғы балалар хирургиясы» пәннің жұмыс оқу бағдарламасы**

6В10102 «Педиатрия» Білім беру бағдарламасы

<b>1. Пән туралы жалпы мағлұмат:</b>			
1.1	Пән коды: ZhTDHA 6310	1.6	Оқу жылы: 2024-2025
1.2	Пән атауы: ЖТД-ғы балалар хирургиясы	1.7	Курсы: 6
1.3	Реквизитке дейінгі: Балалар хирургиясы	1.8	Семестр: 12
1.4	Реквизиттен кейінгі:	1.9	Кредиттер саны (ECTS): 5 кредит
1.5	Цикл: КП	1.10	Компоненті: ТК
<b>2. Пәннің мазмұны ( 50 сөзден көп емес)</b>			
<p>ҚР - да балаларға хирургиялық көмек көрсету тәртібі. ЖЖОКБҰ -да медициналық құжаттаманы жүргізу. 1 жасқа дейінгі балаларды, мектеп жасына дейінгі балаларды, мектеп оқушыларын, жасөспірімдерді профилактикалық тексеру. Балалар мен жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығының алдын алу. Семиотика, іштің ауырсыну синдромының диагностикасы, аяқ - қолдардағы ауырсыну синдромы. Жұмсақ тіндердің іріңді -қабыну аурулары. Семиотика, жұмсақ тіндердің қатерсіз өсінділерін диагностикалау. Туа біткен даму кемістігі бар және жүре пайда болған аурулары бар, оның ішінде хирургиялық емдеуден өткен балаларды диспансерлеу. Балалар жасындағы амбулаториялық травматология. Позаның бұзылуы және омыртқаның деформациясы. Мойынның, иық белдеуінің, жоғарғы және төменгі аяқтардың дамуындағы ортопедиялық ауытқулар. Балалардағы остеохондропатиялар.</p>			
<b>3. Жиынтық бағалау түрі:</b>			
3.1	Тестілеу +	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша +	3.6	Эссе
3.3	Ауызша	3.7	Жоба
3.4	Тәжірибелік дағдыларды бағалау +	3.8	Басқа (көрсету)
<b>4. Пәннің мақсаттары:</b>			
<p>ҚР балаларға хирургиялық көмекті ұйымдастырудың жалпы принциптері. Диагностика мен емдеудің заманауи жоғары мамандандырылған әдістері: асқазан-ішек жолының даму ақаулары, өңеш пен тік ішек атрезиясы, іш қуысының жігі хирургиялық аурулары, зәр шығару жүйесінің даму ақаулары, жаңа туған нәрестелердің жұмсақ тіндерінің іріңді-қабыну аурулары, балалардағы остеомиелит. Балалардағы туа біткен жамбас, бұлшықет қисығы, туа біткен косолапия және түтікше сүйектерінің сынуын хирургиялық емдеудің заманауи әдістері. Әмбебап және кәсіптік құзыреттер жүйесіне ие, өз бетінше кәсіби қызметке қабілетті және дайын білікті педиатр дайындау: алғашқы медициналық-санитарлық көмек; шұғыл; жедел жәрдем, оның ішінде мамандандырылған, медициналық көмек; сондай-ақ мамандандырылған, оның ішінде жоғары технологиялық, медициналық көмек.</p>			
<b>5. Оқытудың соңғы нәтижелері (пәннің ОН):</b>			
ОН1.	Дәрігерлік этика және деонтология қағидаларын сақтай отырып, балалық шақ психологиясының, көпмәдениеттіліктің ерекшеліктерін ескере отырып, медициналық тәжірибеде коммуникативті дағдыларды меңгереді.		
ОН2.	Балалар жасындағы ең көп кездесетін хирургиялық ауруларға, биомедициналық ғылым мен анатомио-физиологиялық ерекшеліктерді ескере отырып, науқастарға зерттеу жоспарын құрып және нәтижесін қорытындылауды көрсетеді.		
ОН 3	Науқастарда балалар жасында хирургиялық аурулардың негізгі симптомдарын, даму механизмін анықтауға клиникалық тексеру әдістерің базалық пәндер бойынша білімді		

	интеграциялау негізінде меңгереді.					
ОН4.	Хирургиялық аурулардың негізгі клиникалық көрінісін жинауда және емінің жоспарын құру барысында шығармашылық ойлауды қолданады.					
ОН5	Денсаулық сақтауда ақпараттық технологияларды қолданады					
5.1	<b>Пәннің ОН:</b>	<b>Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері</b>				
	ОН 1	ОН7. Медициналық этика, деонтология және құқықтық нормалар принциптерін сақтай отырып, мамандармен және халықпен медициналық практикада тиімді коммуникациялайды (ақпарат, идеялар мен қорытындылар, проблемалар және оларды шешу).				
	ОН 2	ОН1. Балалардағы ең көп таралған аурулар кезінде диагностика, емдеу, динамикалық бақылау үшін биомедициналық ғылымдарды білу мен түсінігін көрсетеді				
	ОН 3	ОН 3. Педиатриялық бейіндегі профилактикалық мекемелерде сау және науқас нәрестелерге динамикалық бақылауды жүзеге асырады, қажетті диагностикалық және емдеу-профилактикалық іс-шараларды жүргізеді.				
	ОН 4	ОН 5. Науқас балаларды ауруханаға жатқызу көрсеткіштерін шұғыл немесе жоспарлы тәртіппен анықтайды.				
	ОН 5	ОН 9. Ақпараттық технологияларды меңгерген, өз біліктілігі шеңберінде жаңа тәсілдерді енгізу үшін денсаулық сақтау саласындағы ақпаратты тиімді пайдаланады.				
<b>6.</b>	<b>Пән туралы толық ақпарат:</b>					
6.1	<b>Өткізу орны (ғимарат, аудитория):</b> «Балалар хирургиясы» пәнінен сабақтар компьютерлік құралдармен жабдықталған Педиатрия-1 кафедрасы аудиторияларында өткізіледі. Кафедраның орналасқан жері: Шымкент қаласы, «Облыстық балалар клиникалық ауруханасы» МКҚК. Нұрсат шағынауданы, Арғынбеков көшесі, 125, Телефон 8-7252 (408222), Педиатрия-1 кафедрасы, эл.мекен-жайы: <b>ped.rez@mail.ru</b> . Оқыту және/немесе техникалық қолдау бойынша сұрақтар туындаған жағдайда сайттың басты бетіндегі «ОҚМА» АҚ сайтының CALL-Center, Helpdesk бөлімінде көрсетілген телефондар және/немесе электрондық пошта арқылы хабарласа аласыздар.					
6.2	<b>Сағаттар саны</b>	<b>дәрістер</b>	<b>тәж.сабақ</b>	<b>зертх. сабақ</b>	<b>ОБӨЖ</b>	<b>БӨЖ</b>
			50	-	30	70
<b>7.</b>	<b>Оқытушылар туралы мәліметтер:</b>					
<b>№</b>	<b>Аты-жөні</b>	<b>Дәрежесі лауазымы Электронный адрес</b>			<b>Электронный адрес</b>	
1.	Кемельбеков К.С.	Балалар хирургі, педиатр, PhD, каф. меңгерушісі			Kanat-270184@mail.ru	
2.	Нарходжаев Н.С.	Балалар хирургі, ассистент			narhodjaev@mail.ru	
<b>8.</b>	<b>Тақырыптық жоспар:</b>					
<b>Апт а/ күні</b>	<b>Тақырып атауы</b>	<b>Пәннің қысқаша мазмұны</b>	<b>Пәннің ОН</b>	<b>Сағат саны</b>	<b>Оқыту технологи ясының формасы / әдістері</b>	<b>Бағалау әдістері/ формалары</b>
1	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Балалардағы жіті аппендициттің	Балалар хирургиясының этика және	ОН 1 ОН 4 ОН 5	4	Сабақ тақырыбын талқылау,	Ауызша сұрауды бағалау.

	ерекшеліктері. Перитонит.	деонтология. Балалардағы жіті аппендицит кезіндегі хирургиялық іс- әрекет. Клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностика, диф диагностика және емдеу жолдары.			жағдайлық есептерді шешу (Case- study әдісі).	Тестілеу, жағдайлық есептерді шешуді бағалау.
	<b>ИОӨЖ:</b> Құрсақ құысының жабық жарақаттары. <b>ИӨЖ:</b> Некротикалық энтероколит.	Балалардағы жіті аппендицит кезіндегі хирургиялық ісәрекет. Клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностика, диф диагностика және емдеу жолдары.	ОН 1 ОН 2	2/5	Аймақтық наукастарды қабылдауға катысу, тақырыптық наукастарды клиникалық талдау.	Клиникалық жағдайды бағалау парағы.
2	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Туа біткен ішек өтімсіздігі.	Ас қорыту жолдарының ақаулары бар жаңа туған нәрестелерді тексеру әдістері, туа біткен ішек өтімсіздігінің (пилоростеноз, ішектің бұрылуы ж т.б) диагностикалау мен емдеу тактикасы. Клиникалық хаттамаларға сәйкес ішек өтімсіздігінің диагностика, дифференциалды диагностика және емдеу жолдары.	ОН 1 ОН 2 ОН 3	4	Шағын топпен жұмыс, жағдайлық есептерді шешу (Case- study әдісі).	Топпен жұмыс және жағдайлық есептерді шешуді бағалау.
	<b>ИОӨЖ:</b> Туа біткен жоғарғы ішек өтімсіздігі <b>ИӨЖ:</b> Ледда синдромы	Клиникасы, диагностикасы және емдеу жолдары. Клиникалық хаттамаларға сәйкес ішек өтімсіздігінің диагностика, диф диагностика және емдеу жолдары.	ОН 1 ОН 2	3/5	Электронды медициналық карталарды және басқа да медициналық құжатнаманы толтыру (МАЖЖ, Дамумед).	Тәжірибелік жұмысты орындауды бағалау.

3	<p><b>Тәжірибелік сабақ.</b> Жүре пайда болған ішек өтімсіздігі.</p>	<p>Жүре пайда болған ішек өтімсіздігінің (жабыспалы аурулар, аскаридоз, ішек инвагинациясы және т.б) диагностикалау мен емдеу тактикасы. Клиникалық хаттамаларға сәйкес ішек өтімсіздігінің диагностика, дифференциалды диагностика және емдеу жолдары.</p>	<p>ОН 1 ОН 2 ОН 3 ОН 4</p>	4	<p>Жұппен жұмыс, клиникалық жағдайды талқылау.</p>	<p>Жұппен жұмысты бағалау. Тестілеу, оқыту және жағдайлық есептерді шешуді бағалау.</p>
	<p><b>ИОӨЖ:</b> Жүре пайда болған ішек өтімсіздігінің диагностикалау мен емдеу тактикасы. <b>ИӨЖ:</b> Ішек инвагинациясы.</p>	<p>Клиникалық хаттамаларға сәйкес ішек өтімсіздігінің диагностика, диф диагностика және емдеу жолдары.</p>	<p>ОН 1 ОН 2 ОН 4</p>	3/5	<p>Тақырып ноозологиясы бойынша клиникалық диагностика және емдеу хаттамалары мен жұмыс жасау.</p>	<p>Тәжірибелік жұмысты орындауды бағалау.</p>
4	<p><b>Тәжірибелік сабақ.</b> Өкпенің даму ақаулары мен бактериалды деструкциясы.</p>	<p>Этиологиясы, патогенезі. Клиника. Диагностика ерекшеліктері. Емдеу тактикасы. Асқынулары. Клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностика, диф диагностика және емдеу жолдары.</p>	<p>ОН 4 ОН 5</p>	4	<p>Шағын топпен жұмыс, пікірталас.</p>	<p>Шағын топпен жұмысты бағалау парағы.</p>
	<p><b>ИОӨЖ:</b> Өкпенің бактериалды деструкциясының асқынулары <b>ИӨЖ:</b> Тыныс алу жолдарының бөгде заты.</p>	<p>Клиника. Диагностика ерекшеліктері. Емдеу тактикасы. Асқынулары. Клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностика, диф диагностика және емдеу жолдары.</p>	<p>ОН 4 ОН 5</p>	3/5	<p>Аймақтық науқастарды қабылдауға қатысу, тақырыптық науқастарды клиникалық талдау.</p>	<p>Тәжірибелік жұмысты орындауды бағалау.</p>

5	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Өңеш атрезиясы. Көкет жарығы. Гастрошизис. Омфалоцеле.	Клиникалық хаттамаларға сәйкес өңеш атрезиясын, көкет жарығын, гастротиис және омфалоцеле диагностика, диф диагностика және емдеу жолдары.	ОН 3 ОН 4 ОН 5	4	Сабақ тақырыбын талқылау, жағдайлық есептерді шешу (Case-study әдісі).	Ауызша сұрауды бағалау. Тестілеу, оқыту және жағдайлық есептерді шешуді бағалау.
	<b>ИОӨЖ:</b> Өңеш атрезиясы. Көкет жарығы. <b>ИӨЖ:</b> Гастрошизис. Омфалоцеле..	Клиникалық хаттамаларға сәйкес өңеш атрезиясын диагностикасы, диф диагностика және емдеу жолдары.	ОН 3 ОН 4 ОН 5	2/5	Тақырып ноозологиясы бойынша клиникалық диагностика және емдеу хаттамалары мен жұмыс жасау.	Тәжірибелік жұмысты орындауды бағалау.
6	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Кіндіктің туа біткен жыланкөзі. Меккель дивертикулі. Шап жарықтары. Крипторхизм. Вариоцеле. Гидроцеле.	Этиологиясы, патогенезі. Клиника. Диагностика ерекшеліктері. Емдеу тактикасы. Асқынулары. Клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностика, диф диагностика және емдеу жолдары.	ОН 2 ОН 3	4	Сабақ тақырыбын талқылау, клиникалық есептерді шешу.	Ауызша сауалнаманы бағалау. Тестілеу, оқыту және жағдайлық есептерді шешуді бағалау.
	<b>ИОӨЖ:</b> Меккель дивертикулі. Шап жарығы. <b>ИӨЖ:</b> Крипторхизм. Вариоцеле. Гидроцеле.	Этиологиясы, патогенезі. Клиника. Диагностика ерекшеліктері. Емдеу тактикасы. Асқынулары. Клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностика, диф диагностика және емдеу жолдары.	ОН 2 ОН 3	3/5	Аймақтық науқастарды қабылдауға қатысу, тақырыптық науқастарды клиникалық талдау.	Тәжірибелік жұмысты орындауды бағалау.
	<b>Аралық бақылау №1.</b>	<b>Бақылау 1-6 аптадағы дәрістер, тәжірибелік сабақтар және СӨЖ тақырыптарының мазмұнын қамтиды.</b>	ОН 1 ОН 2 ОН 3 ОН 4 ОН 5			<b>Тестілеу</b>

7	<p><b>Тәжірибелік сабақ.</b> Асқазан-ішек жолдарынан қан кету. Портальды гипертензия.</p>	<p>Жоғарғы және төменгі ішек қансырауының этиопатогенезі. Клиникалық көрініс. Диагностика ерекшеліктері. Емдеу жолдары.</p>	<p>ОН 4 ОН 5</p>	4	<p>Шағын топпен жұмыс, пікірталас.</p>	<p>Шағын топпен жұмысты, пікірталасты бағалау парағы.</p>
	<p><b>ИОӨЖ:</b> Асқазан-ішек жолдарынан қан кету. <b>ИӨЖ:</b> Портальды гипертензия.</p>	<p>Жоғарғы және төменгі ішек қансырауының этиопатогенезі. Клиникалық көрініс. Диагностика ерекшеліктері. Емдеу жолдары.</p>	<p>ОН 4 ОН 5</p>	2/5	<p>Аймақтық науқастарды қабылдауға қатысу.</p>	<p>Тәжірибелік жұмысты орындауды бағалау.</p>
8	<p><b>Тәжірибелік сабақ.</b> Зәр шығару жолдарының туа біткен ақаулары мен аурулары.</p>	<p>Гидронефроз, уретерогидронефроз. Несеп-тас ауруы этиопатогенезі, жіктелуі, клиникасы, әртүрлі жастағы балалардың ерекшеліктері, тексеру бағдарламасы, емдеу принциптері, диспансерлік бақылау. Клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностика, диф диагностика және емдеу жолдары.</p>	ОН 5	4	<p>Сабақ тақырыбын талқылау, клиникалық жағдайды талқылау.</p>	<p>Ауызша сауалнаманы бағалау. Тестілеу, оқыту және жағдайлық есептерді шешуді бағалау.</p>
	<p><b>ИОӨЖ:</b> Туа біткен гидронефроз. <b>ИӨЖ:</b> Несеп-тас ауруы</p>	<p>Гидронефроз этиопатогенезі, жіктелуі, клиникасы, әртүрлі жастағы балалардың ерекшеліктері, тексеру бағдарламасы, емдеу принциптері, диспансерлік бақылау. Клиникалық хаттамаларға сәйкес</p>	ОН 5	3/4	<p>Аймақтық науқастарды қабылдауға қатысу, тақырыптық науқастарды клиникалық талдау.</p>	<p>Тәжірибелік жұмысты орындауды бағалау.</p>

		диагностика, диф диагностика және емдеу жолдары.				
9	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Жұмсақ тіндердің ірінді қабыну аурулары. Остеомиелит.	Жаңа туған нәрестелердің флегмонасы, омфалит, мастит. Ағымының ерекшеліктері, қабыну үрдісінің басым болуы, таралу жылдамдығы, ең жиі локализация. Аурудың клиникалық көріністері, түрлері: жергілікті, токсикосептикалық Асқынған мастит жағдайларының салдары. Клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностика, диф диагностика және емдеу жолдары.	ОН 3 ОН 4 ОН 5	4	Сабақ тақырыбын талқылау, тәжірибелік дағдыларды меңгеру.	Ауызша сауалнаманы бағалау. Тестілеу, оқыту және жағдайлық есептерді шешуді бағалау.
	<b>ИОӨЖ:</b> Нәресте флегмонасы. Омфалит <b>ИӨЖ:</b> Нәрестелер маститі. Псевдофурункулез.	Ағымының ерекшеліктері, қабыну үрдісінің басым болуы, таралу жылдамдығы, ең жиі локализация. Аурудың клиникалық көріністері, түрлері: жергілікті, токсикосептикалық Асқынған мастит жағдайларының салдары. Клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностика, диф диагностика және емдеу жолдары.	ОН 1 ОН 2 ОН 5	2/4	Тақырып ноозологиясы бойынша клиникалық диагностика және емдеу хаттамалары мен жұмыс жасау.	Тәжірибелік жұмысты орындауды бағалау.

10	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Балалардағы бас-ми жарақатының ерекшеліктері	Этиологиясы, патогенезі. Клиника. Диагностика ерекшеліктері. Емдеу тактикасы. Асқынулары. Клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностика, диф диагностика және емдеу жолдары.	ОН 1 ОН 5	4	Шағын топпен жұмыс, клиникалық жағдайды талқылау.	Шағын топпен жұмысты, клиникалық жағдайды бағалау парағы.
	<b>ИОӨЖ:</b> Бас-ми гематомалар. <b>ИӨЖ:</b> Естің бұзылуы. Асқынулары.	Этиологиясы, патогенезі. Клиника. Диагностика ерекшеліктері. Емдеу тактикасы. Асқынулары. Клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностика, диф диагностика және емдеу жолдары.	ОН 1 ОН 2 ОН 3	3/4	Электронды медициналық карталарды және басқа да медициналық құжатнаманы толтыру (МАЖЖ, Дамумед).	Тәжірибелік жұмысты орындауды бағалау.
11	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Ұршықтың туа біткен шықпасы. Бұлшық еттік қисық мойын. Маймақтық. Майтабан.	Туа біткен жамбас буынының патологиясындағы УДЗ және рентгенографияның рөлі. Консервативті және оперативті емнің мерзімі мен принциптері. Асқынулары, оңалту шаралары. Клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностика, диф диагностика және емдеу жолдары.	ОН 1 ОН 2 ОН 3	4	Сабақ тақырыбын талқылау, жағдайлық есептерді шешу.	Ауызша сауалнаманы бағалау. Тестілеу, оқыту және жағдайлық есептерді шешуді бағалау.
	<b>ИОӨЖ:</b> Сколиоз. Кифоз. Лордоз. Майтабан <b>ИӨЖ:</b> Остеохондропатиялар.	Консервативті және оперативті емнің мерзімі мен принциптері. Асқынулары, оңалту шаралары. Клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностика, диф	ОН 3 ОН 4 ОН 5	2/4	Тақырып ноозологиясы бойынша клиникалық диагностика және емдеу хаттамалары мен жұмыс жасау.	Тәжірибелік жұмысты орындауды бағалау.

		диагностика және емдеу жолдары.				
12	<b>Тәжірибелік сабақ.</b> Балалар жасындағы сынықтардың ерекшеліктері.	Жалпы және жергілікті көріністер. Туылу кезіндегі жарақаттар түрлері. Балалар жасындағы сынықтар түрі. Рентгенодиагностик асы. Емдеу принциптері. Имобилизация ерекшеліктері. Клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностика, диф диагностика және емдеу жолдары.	ОН 4 ОН 5	6	Пікірталас, жағдайлық есептерді шешу.	Тестілеу, пікірталасты, жағдайлық есептерді шешуді бағалау.
	<b>ИОӨЖ:</b> Термиялық жарақат <b>ИӨЖ:</b> Туылу кезіндегі жарақат.	Жалпы және жергілікті көріністер. Туылу кезіндегі жарақаттар түрлері. Рентгенодиагностик асы. Емдеу принциптері. Имобилизация ерекшеліктері. Клиникалық хаттамаларға сәйкес диагностика, диф диагностика және емдеу жолдары.	ОН 3 ОН 4 ОН 5	2/4	Электронды медициналық карталарды және басқа да медициналық құжатнаманы толтыру (МАЖЖ, Дамумед).	Тәжірибелік жұмысты орындауды бағалау.
	<b>Аралық бақылау №2</b>	<b>Бақылау 7-12 аптадағы дәрістер, тәжірибелік сабақтар және СӨЖ тақырыптарының мазмұнын қамтиды.</b>	ОН 4 ОН 5			<b>Тестілеу</b>
<i>Аралық аттестаттауды дайындау және өткізу</i>						15
<b>9. Оқыту және оқыту әдістері:</b>						
9.1	Дәріс	қарастырылмаған				
9.2	Тәжірибелік сабақ:	Сабақ тақырыбын талқылау, жағдайлық есептерді шешу(Case-study әдісі), шағын топпен жұмыс, клиникалық жағдайды балқылау, пікірталас, жұппен жұмыс.				
9.3	ОБӨЖ/БӨЖ:	Аймақтық науқастарды курациялау, тақырыптық				

		науқастарды клиникалық талдау, Электронды медициналық карталарды және басқа да медициналық құжатнаманы толтыру (МАЖЖ, Дамумед), тақырып ноозологиясы бойынша клиникалық диагностика және емдеу хаттамаларымен жұмыс жасау.
--	--	--

9.3 Аралық бақылау: Тестілеу.

**10. Бағалау критерийлері:**

<b>10.1 Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері</b>					
<b>ОН №</b>	<b>Оқыту нәтижелері</b>	<b>Қанағаттанарлықсыз</b>	<b>Қанағаттанарлық</b>	<b>Жақсы</b>	<b>Өте жақсы</b>
<b>ОН 1</b>	Дәрігерлік этика және деонтология қағидаларын сақтай отырып, балалық шақ психологиясының, көп мәдениеттіліктің ерекшеліктерін ескеріп отырып, медициналық тәжірибеде коммуникативті дағдыларды меңгереді.	Дәрігерлік этика және деонтология қағидаларын <u>сақтай алмайды</u> , балалық шақ психологиясының, көп мәдениеттіліктің ерекшеліктерін ескермейді, медициналық тәжірибеде коммуникативті дағдыларды меңгере алмайды.	Дәрігерлік этика және деонтология қағидаларын <u>сақтай отырып</u> , балалық шақ психологиясының, көп мәдениеттіліктің ерекшеліктерін ескермейді, медициналық тәжірибеде коммуникативті дағдыларды меңгере алмайды.	Дәрігерлік этика және деонтология қағидаларын <u>сақтай отырып</u> , балалық шақ психологиясының, көп мәдениеттіліктің ерекшеліктерін нақты ескеріп, медициналық тәжірибеде коммуникативті дағдыларды толық меңгере алмайды.	Дәрігерлік этика және деонтология қағидаларын <u>сақтай отырып</u> , балалық шақ психологиясының, көп мәдениеттіліктің ерекшеліктерін нақты ескеріп, медициналық тәжірибеде коммуникативті дағдыларды толық меңгере алады.
<b>ОН 2</b>	Балалар жасындағы ең көп кездесетін хирургиялық ауруларға биомедициналық ғылым мен анатомо-физиологиялық ерекшеліктерді ескеріп отырып, науқастарға зерттеу	Балалар жасындағы ең көп кездесетін хирургиялық ауруларға биомедициналық ғылым мен анатомо-физиологиялық ерекшеліктерін <u>ескермейді</u> , науқастарға зерттеу жоспарын құралмайды және	Балалар жасындағы ең көп кездесетін хирургиялық ауруларға биомедициналық ғылым мен анатомо-физиологиялық ерекшеліктерді <u>ескермейді</u> , науқастарға зерттеу жоспарын <u>толық құрмайды</u> және зерттеу	Балалар жасындағы ең көп кездесетін хирургиялық ауруларға биомедициналық ғылым мен анатомо-физиологиялық ерекшеліктерді <u>ескере отырып</u> , науқастарға зерттеу жоспарын құрып және зерттеу	Балалар жасындағы ең көп кездесетін хирургиялық ауруларға биомедициналық ғылым мен анатомо-физиологиялық ерекшеліктерді <u>толық ескере отырып</u> ,

	жоспарын құрып және зерттеу нәтижесін қорытындылауды көрсетеді.	зерттеу нәтижесін <u>қорытынды жаса алмайды.</u>	нәтижесін қорытындылауды <u>нақты көрсете алмайды.</u>	нәтижесін қорытындылауды <u>нақты көрсете алмайды.</u>	науқастарға зерттеу жоспарын құрып және зерттеу нәтижесін қорытындысын <u>нақты көрсетеді.</u>
<b>ОН 3</b>	Науқастарда балалар жасында хирургиялық аурулардың симптомдарын, даму механизмін анықтауға клиникалық тексеру әдістерін базалық пәндер бойынша білімді интеграциялау негізінде меңгереді.	Науқастарда балалар жасында хирургиялық аурулардың симптомдары мен даму механизмін <u>анықтай алмайды,</u> клиникалық тексеру әдістерін базалық пәндер бойынша білімді интеграциялау негізінде <u>меңгере алмайды.</u>	Науқастарда балалар жасында хирургиялық аурулардың симптомдары мен даму механизмін <u>толық анықтай алмайды,</u> клиникалық тексеру әдістерін базалық пәндер бойынша білімді интеграциялау негізінде <u>меңгере алмайды.</u>	Науқастарда балалар жасында хирургиялық аурулардың симптомдары мен даму механизмін <u>толық анықтай алмайды,</u> клиникалық тексеру әдістерін базалық пәндер бойынша білімді интеграциялау негізінде <u>меңгере алады.</u>	Науқастарда балалар жасында хирургиялық аурулардың симптомдары мен даму механизмін <u>толық анықтай алады,</u> клиникалық тексеру әдістерін базалық пәндер бойынша білімді интеграциялау негізінде <u>толық меңгере алады.</u>
<b>ОН 4</b>	Хирургиялық аурулардың негізгі клиникалық көрінісін жинауда және емінің жоспарын құру барысында шығармашылық ойлауды қолданады.	Хирургиялық аурулардың негізгі клиникалық көрінісін жинай алмайды және емінің жоспарын құру барысында шығармашылық ойлауды қолдана алмайды.	Хирургиялық аурулардың негізгі клиникалық көрінісін толық жинай алмайды және емінің жоспарын құру барысында шығармашылық ойлауды қолдана алмайды.	Хирургиялық аурулардың негізгі клиникалық көрінісін және емінің жоспарын құру барысында шығармашылық ойлауды толық қолдана алмайды.	Хирургиялық аурулардың негізгі клиникалық көрінісін және емінің жоспарын құру барысында шығармашылық ойлауды толық қолдана алады.

<b>ОН 5</b>	Денсаулық сақтауда ақпараттық технологияларды қолданады	Денсаулық сақтауда ақпараттық технологияларды мүлдем қолдана алмайды	Денсаулық сақтауда ақпараттық технологияларды толық қолдана алмайды	Денсаулық сақтауда ақпараттық технологияларды қолданады бірақ қателіктерімен жүреді	Денсаулық сақтауда ақпараттық технологияларды толық және нақты қолдан алады
-------------	---	--	---	---	---

**10.2 Бағалау әдістері және критерийлері****Тәжірибелік сабақтарға арналған тексеру парағы**

<b>Бақылау түрі</b>	<b>Бағалау</b>	<b>Бағалау критерийлері</b>
Тақырыпты талқылау	<b>Өте жақсы:</b> А (4,0; 95-100%); А- (3,67; 90-94%)	Егер интерн зерттелетін пәннің теорияларын, тұжырымдамалары мен бағыттарын басшылыққа ала отырып, балалар ағзасының анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктерін дәл анықтап, айтқан жағдайда қойылады және оларға сыни баға береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін пайдаланады, мысалы: қалыпты анатомия, физиология, гистология, биохмия; негізгі белгілер мен синдромдар арасындағы байланысты табады және салыстырады балалар мен жасөспірімдердегі әртүрлі органдар мен жүйелердің зақымдануымен балалар мен жасөспірімдердегі органдар мен жүйелердің жас ерекшеліктерін көзбен жобалайды; балалық шақтың әртүрлі жас кезеңдеріндегі морфофункционалды, физиологиялық күйлер мен патологиялық процестердің ерекшеліктерінің айырмашылықтарын анықтайды.
	<b>Жақсы:</b> В+ (3,33; 85-89%); В (3,0; 80-84%); В- (2,67; 75-79%); С+ (2,33; 70-74%)	Егер интерн жауап беру кезінде өрескел қателіктер жібермесе, интерннің өзі түзеткен принципті емес дәлсіздіктер немесе түбегейлі қателіктер жіберсе немесе негізгі белгілер мен синдромдар арасындағы байланысты дұрыс салыстырмаса немесе морфофункционалды, физиологиялық жағдайлар мен патологиялық процестердің ерекшеліктерінің айырмашылықтарын толық анықтамаса; мәлімдемені визуализациялауға жүйелі көзқарас бар.
	<b>Қанағаттанарлық:</b> С (2,0; 65-69%); С- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 50-54%)	Егер интерн жауап беру кезінде қателіктер мен қателіктер жіберсе, тек мұғалім көрсеткен оқу әдебиеттерімен шектелсе, негізгі белгілер мен синдромдар арасындағы байланысты дұрыс салыстырмаса және сәйкесінше материалды жүйелеуде үлкен қиындықтарға тап болса қойылады.
	<b>Қанағаттанарлықсыз:</b> Fх (0,5; 25-49%)	Егер интерн жауап беру кезінде түбегейлі қателіктер жіберсе, сабақ тақырыбы бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс жасамаса; анықтамаларға

	F (0; 0-25%)	бағдарланбайды және балалар денесінің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктері туралы дұрыс айтпайды, негізгі белгілер мен синдромдар арасындағы байланысты таппайды және салыстыра алмайды, морфофункционалды, физиологиялық және физиологиялық ерекшеліктерінің айырмашылықтарын анықтай алмайды. -пәннің ғылыми терминологиясын қолдана алмайды.
Тәжірибелік дағдыларды меңгеру	Өте жақсы Келесі бағаларға сәйкес: A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%)	Пациенттерге сұрақ қою және тексеру кезінде өте жақсы бағдарланған. Анамнез жинау кезінде сұрақтарды дұрыс және дәл таңдайды. Негізгі физикалық зерттеуді жүргізу қатесіз: жалпы тексеру, пальпация, перкуссия, аускультация, қан қысымын өлшеу, жүрек соғу жиілігін, тыныс алу жиілігін және т.б. балалар мен жасөспірімдерді анықтау. Емтихан нәтижелерін қатесіз бағалайды. Сабаққа дайындық кезінде мен қосымша әдебиеттерді қолдандым. Осы тақырып бойынша материалды жүйелейді.
	Жақсы Келесі бағаларға сәйкес: B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%); B- (2,67; 75-79%) C+(2,33; 70-74%)	Пациенттерге сұрақ қою және тексеру кезінде жақсы бағдарланған, интерннің өзі түзеткен принципті емес дәлсіздіктерге немесе негізгі қателіктерге жол берген. Негізгі физикалық зерттеуді жүргізу қатесіз: жалпы тексеру, пальпация, перкуссия, аускультация, қан қысымын өлшеу, жүрек соғу жиілігін, тыныс алу жиілігін және т.б. балалар мен жасөспірімдерді анықтау. Емтихан нәтижелерін дұрыс түсіндіре алмайды. Сабаққа дайындық кезінде мен қосымша әдебиеттерді қолдандым. Мұғалімнің көмегімен осы тақырып бойынша материалды жүйелейді.
	Қанағаттанарлық Келесі бағаларға сәйкес: C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 50-54%)	Пациенттерге сұрақ қою және қарау кезінде бағдарланған, физикалық зерттеу жүргізу кезінде қателіктер бар (пальпация, перкуссия, аускультация және жалпы тексеру жүргізу) берілген тақырып бойынша материалдың толық игерілмегендігін көрсетті, сонымен бірге негізгі қателіктер жіберді. Тексеру нәтижелерін бағалауда қателіктер бар
	Қанағаттанарлықсыз Келесі бағаларға сәйкес: F <sub>x</sub> (0,5; 25-49%) F (0; 0-25%)	Олардың нәтижелерін түсіндіру үшін практикалық дағдыларды жүзеге асыра алмайды. Топтың жұмысына қатысқан жоқ. Мұғалімнің сұрақтарына жауап беру кезінде нақты терминологияны қолданбай өрескел қателіктер жіберіледі.
	TBL	Өте жақсы Келесі бағаларға сәйкес:

	<p>A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%).</p>	<p>- Топтық тестілеу (GRAT) - 30% - Апелляция - 5% - Есеп - 30% - Қосымша ұпайлар -5% * Тестілеу «Тестілеу» бағалау критерийлеріне сәйкес бағаланады. Тапсырма «ситуациялық есептерді шешу (SBL)» бағалау критерийлеріне сәйкес бағаланады. Апелляциялық жағдай туындаған кезде топтық тестілеуді бағалауға балдар (5%) қосылуы мүмкін. Оқытушының қалауы бойынша командада жұмыс істегені үшін қосымша балл (5%) қосылуы мүмкін.</p>
	<p>Жақсы Келесі бағаларға сәйкес B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%) B- (2,67; 75-79%) C+ (2,33; 70-74%)</p>	<p>Егер білім алушы 70-89 балл жинаса, келесі бағалау нәтижелері кіреді: - Жеке тестілеу (IRAT) - 40% - Топтық тестілеу (GRAT) - 30% - Апелляция - 5% - Есеп - 30% - Қосымша ұпайлар - 5% * Тестілеу «Тестілеу» бағалау критерийлеріне сәйкес бағаланады. Тапсырма «ситуациялық есептерді шешу (SBL)» бағалау критерийлеріне сәйкес бағаланады. Апелляциялық жағдай туындаған кезде топтық тестілеуді бағалауға балдар (5%) қосылуы мүмкін. Оқытушының қалауы бойынша командада жұмыс істегені үшін қосымша балл (5%) қосылуы мүмкін.</p>
	<p>Қанағаттанарлық Келесі бағаларға сәйкес C (2,0; 65-69%) C- (1,67; 60-64%) D+ (1,0; 50-54%)</p>	<p>Егер интерн 50-69 балл жинаса, келесі бағалау нәтижелері кіреді: - Жеке тестілеу (IRAT) - 40% - Топтық тестілеу (GRAT) - 30% - Апелляция - 5% - Есеп - 30% - Қосымша ұпайлар - 5% * Тестілеу «Тестілеу» бағалау критерийлеріне сәйкес бағаланады. Тапсырма «ситуациялық есептерді шешу (SBL)» бағалау критерийлеріне сәйкес бағаланады. Апелляциялық жағдай туындаған кезде топтық тестілеуді бағалауға балдар (5%) қосылуы мүмкін. Оқытушының қалауы бойынша командада жұмыс істегені үшін қосымша балл (5%) қосылуы мүмкін.</p>
	<p>Қанағаттанарлықсыз Келесі бағаларға сәйкес F<sub>x</sub> (0,5; 25-49%) F (0; 0-25%)</p>	<p>Егер білім алушы 0-49 балл жинаса, келесі бағалау нәтижелері кіреді: - Жеке тестілеу (IRAT) - 40% - Топтық тестілеу (GRAT) - 30% - Апелляция - 5% - Есеп - 30% - Қосымша ұпайлар -5% * Тестілеу «Тестілеу» бағалау критерийлеріне сәйкес</p>

	бағаланады. Тапсырма «ситуациялық есептерді шешу (SBL)» бағалау критерийлеріне сәйкес бағаланады. Апелляциялық жағдай туындаған кезде топтық тестілеуді бағалауға балдар (5%) қосылуы мүмкін. Оқытушының қалауы бойынша командада жұмыс істегені үшін қосымша балл (5%) қосылуы мүмкін.		
<b>Аралық аттестаттауға арналған тексеру парағы</b>			
<b>Бақылау түрі</b>	<b>Баға</b>		<b>Бағалау белгілері</b>
Тестілеу	«Өте жақсы» Келесі бағаларға сәйкес A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%).		90-100% дұрыс жауаптар.
	«Жақсы» Келесі бағаларға сәйкес B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33; 70-74%).		70-89% дұрыс жауаптар.
	«Қанағаттанарлық» Келесі бағаларға сәйкес C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 50-54%).		50-69% дұрыс жауаптар.
	«Қанағаттанарлықсыз» Келесі бағаларға сәйкес F <sub>x</sub> (0,5; 25-49%); F (0; 0-24 %).		50%-дан төмен дұрыс жауаптар.
<b>Бақылау формасы</b>	<b>бағасы</b>	<b>Бағалау критерилері</b>	
<b>Білімді бағалаудың көпбалдық жүйесі</b>			
Әріптік жүйебойынша бағалау	Баллдардың сандық баламасы	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A -	3,67	90-94	
B +	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B -	2,67	75-79	
C +	2,33	70-74	Қанағаттанарлық
C	2,0	65-69	
C -	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	
<b>11.</b>	<b>Оқу ресурстары:</b>		
Электрондық ресурстар, оның ішінде, бірақ олармен шектелмей: дерекқорлар, анимациялар симуляторлар, кәсіби блогтар, веб-сайттар, басқа да электрондық анықтамалық материалдар	ОҚМА электрондық кітапханасы - <a href="https://e-lib.skma.edu.kz/genres">https://e-lib.skma.edu.kz/genres</a> Республикалық ЖОО аралық электрондық кітапхана – <a href="http://rmebrk.kz/">http://rmebrk.kz/</a> Сандық кітапхана «Aknurpress» - <a href="https://www.aknurpress.kz/">https://www.aknurpress.kz/</a> Электронды кітапхана «Эпиграф» - <a href="http://www.elib.kz/">http://www.elib.kz/</a> Эпиграф-мультимедиялық оқулықтар порталы <a href="https://mbook.kz/ru/index/">https://mbook.kz/ru/index/</a>		

(мысалы, бейне, аудио, дайджестер)	<p><b>ЭБС IPR SMART</b> <a href="https://www.iprbookshop.ru/auth">https://www.iprbookshop.ru/auth</a>  "Заң" ақпараттық-құқықтық жүйесі- <a href="https://zan.kz/ru">https://zan.kz/ru</a>  Cochrane Library - <a href="https://www.cochranelibrary.com/">https://www.cochranelibrary.com/</a></p> <p><b>Интернет- сайты:</b>  <a href="http://www.doctor.ru">www.doctor.ru</a>  <a href="http://www.meduniver.ru">www.meduniver.ru</a>  <a href="http://www.med-edu.ru">www.med-edu.ru</a>  <a href="http://www.medi.ru">www.medi.ru</a>  <a href="http://www.medline.ru">www.medline.ru</a>  <a href="http://www.medmatrix.ru">www.medmatrix.ru</a>  Портал Дәрігер/Медэлемент: <a href="https://diseases.medelement.com/">https://diseases.medelement.com/</a>.  Клинические протоколы МЗ РК.</p>
Электрондық оқулықтар	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Балалар хирургиясы [Электронный ресурс] : оқулық / ред. басқ. А. А. Дюсембаев. - Электрон. текстовые дан. (138Мб). - М. : "Литтерра", 2016. - 592 б. с.</li> <li>2. Детская хирургия [Электронный ресурс] : учебник / Ю. Ф. Исаков, А. Ю. Разумовский. - Электрон. текстовые дан. ( 57,4Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017.</li> <li>3. Детская хирургия. Клинические разборы [Электронный ресурс] : руководство для врачей / под ред. А. В. Гераськина. - Электрон. текстовые дан. ( 522Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2017.</li> <li>4. Балалардың кеуде қуысының хирургиялық аурулары. Оқу құралы. 2016 / <a href="https://aknurpress.kz/reader/web/1579">https://aknurpress.kz/reader/web/1579</a></li> </ol>
Зертханалық физикалық ресурстар	-
Арнайы бағдарламалар	-
Журналдар (электрондық журналдар)	
Әдебиет	<p><b>Қазақ тілінде:</b>  <b>Негізгі:</b>  1. Балалар хирургиясы: оқулық / қазақ тіліне ауд. М. С. Асқаров; ред. Ю. Ф. Исаков. - М.: ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 1048 бет с.  2. Балалар хирургиясы: оқулық. А. А. Дюсембаев. - М. : "Литтерра", 2015.</p> <p><b>Орыс тілінде:</b>  <b>Негізгі:</b>  1. Разин М.П., Минаев С.В., Турабов И.А. и др. Детская хирургия : учебник, ГЭОТАР-Медиа, 2020  2. Детская хирургия : учебник / под ред. Ю. Ф. Исакова, А. Ю. Разумовского - Москва : ГЭОТАР-Медиа, 2016. - 1040 с.</p> <p><b>Қосымша:</b>  1. Кожамкулова, М. Д. Пути оптимизации хирургической помощи детям в амбулаторных условиях . - Шымкент, 2014. - 68 с.</p>
<b>12.</b>	<b>Пән саясаты:</b>
<b>Пәнді меңгеру үшін қойылатын талаптар:</b>	



1. Себепсіз сабақтан қалмау;
2. Сабаққа кешікпеу;
3. Сабаққа формамен келу;
4. Тәжірибелік сабақтарда белсенді болу;
5. Сабаққа дайындалып келу;
6. Сабақ үстінде басқа іспен шұғылданбау;
7. Сабырмен өзін-өзі ұстай білу, оқытушыларды және өзімен бірге оқитын жолдастарын сыйлау, мейірімді болу;
8. Кафедраның мүліктеріне қамқорлық жасау.
10. Білім алушылардың білімдерін аралық бақылау бір академиялық кезеңде екі реттен кем емес теориялық оқытудың 6/12 күндерінде жүргізіледі, аралық бақылау қорытындысы электронды журналға қойылады. Себепсіз аралық бақылауға қатыспаған білім алушы пән бойынша емтихан тапсыруға жіберілмейді. Аралық бақылау қорытындысының мәліметі бақылау аптасының соңында деканатқа өткізіледі.
11. БӨЖ бағасы кестеге сәйкес сабақ барысында оқу үлгерім журналына және электронды журналға БӨЖ сабағына қатыспағаны үшін айып балы ескеріле отырып қойылады. БӨЖ-дің бір сабағына қатыспаған жағдайда айып балы 2,0 балды құрайды.
12. Цифрлық білім беру ресурстары (СБР) мен цифрлық контентті оқытушы бекітілген академиялық топқа (ағымға) арналған "тапсырма" модулінде орналастырады. Оқыту бейнематериалдарының барлық түрлеріне кафедраның бұлтты қоймасына сілтемелер беріледі.
13. Platonus ААЖ "тапсырма" модулі барлық оқу және әдістемелік материалдарды қашықтықтан оқыту мен орналастыруға арналған негізгі платформа болып табылады.

### 13. Академияның моральдық және этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат:

13.1 ОҚМА АҚ сайты: <https://ukma.kz/>

13.2 ОҚМА АҚ академиясының саясаты <https://base.ukgfa.kz/wp-content/uploads/2022/11/%D0%90%D0%BA%D0%B0%D0%B4%D0%B5%D0%BC%D0%B8%D1%87%D0%B5%D1%81%D0%BA%D0%B0%D1%8F-%D0%BF%D0%BE%D0%BB%D0%B8%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0-%D0%90%D0%9E-%D0%AE%D0%9A%D0%9C%D0%90-2022.pdf>  
білім алушының ар-намысы  
[https://skma.edu.kz/files/IMAGES/structure/vosp\\_rab/%D0%A1%D1%82%D1%83%D0%B4%D0%B5%D0%BD%D1%82%D1%82%D0%B5%D1%80%D0%B4%D1%96%D2%A3%20%D1%8D%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D2%9B%20%D0%BA%D0%BE%D0%B4%D0%B5%D0%BA%D1%81%D1%96.pdf](https://skma.edu.kz/files/IMAGES/structure/vosp_rab/%D0%A1%D1%82%D1%83%D0%B4%D0%B5%D0%BD%D1%82%D1%82%D0%B5%D1%80%D0%B4%D1%96%D2%A3%20%D1%8D%D1%82%D0%B8%D0%BA%D0%B0%D0%BB%D1%8B%D2%9B%20%D0%BA%D0%BE%D0%B4%D0%B5%D0%BA%D1%81%D1%96.pdf)

13.3 Пән бойынша баға қою саясаты  
Интерннің курс аяқталғаннан кейінгі қорытынды бағасы (ҚБ) рұқсат беру рейтингісінің (РБР) бағасы мен қорытынды бақылау бағасының (ҚББ) қосындысынан тұрады және балдық-рейтингтік әріптік жүйеге сәйкес қойылады.  
 $ҚБ = РБР + ҚББ$   
**Рұқсат беру рейтингісін бағалау (РБР)** 60 балға немесе 60% - ға тең және мыналарды қамтиды: ағымдағы бақылауды бағалау (АББ) және межелік бақылауды бағалау (МББ).  
**Ағымдағы бақылауды бағалау (АББ)** практикалық сабақтар мен БӨЖ сабақтарының орташасын бағалауды білдіреді.  
**Межелік бақылауды бағалау (МББ)** екі межелік бақылаудың (МББ) орташа бағасын білдіреді.



Рұқсат беру рейтингісінің бағасы (60 балл) мына формула бойынша есептеледі:

$$\text{РБРорт} * 0,2 + \text{АББорт} * 0,4$$

**Қорытынды бақылау (ҚБ)** тестілеу нысанында өткізіледі және білім алушы 40 балл немесе жалпы бағаның 40% - ын ала алады.

Тестілеу кезінде білім алушыға 50 сұрақ ұсынылады.

Қорытынды бақылауды есептеу мынадай түрде жүргізіледі: егер білім алушы 50 сұрақтың 45-іне дұрыс жауап берсе, бұл 90% құрайды.

$$90 \times 0,4 = 36 \text{ балл.}$$

**Қорытынды баға**, егер білім алушының жіберу рейтингісі бойынша (ЖР) =30 балл немесе 30% және одан жоғары, сондай-ақ қорытынды бақылау бойынша (ҚБ)=20 балл немесе 20% және одан жоғары оң бағалары болған жағдайда есептеледі.

**Қорытынды баға (100 балл) = РБР орт\* 0,2 + МББ орт\* 0,4 +ҚБ\* 0,4** бақылау түрлерінің бірі (МБ1, МБ2, АБорт) үшін **қанағаттанарлықсыз** баға алған білім алушы емтиханға жіберілмейді.

Айыппұл балдары ағымдағы бақылаудың орташа бағасынан алынады

#### 14. Келісу, бекіту және қайта қарау

Кітапхана- акпараттық орталығымен келісілген күні	Хаттама №	Дарбичева Р.И.	Қолы
14.06.24	9		
Кафедрада бекітілген күні	Хаттама №	Кемельбеков К.С.	Қолы
31.05.24	10		
БББ АҚ мақұлданған күні	Хаттама №	Хужахмедова Р.Н.	Қолы
14.06.24	12		